

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«Қылмыстық саясатты дамыту теориясы мен тәжірибесі»
Халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международного научно-практического круглого стола
«Теория и практика развития уголовной политики»**

**PROCEEDINGS
of the International scientific and practical round table
«Theory and practice of criminal policy development»**

**Астана
2024**

УДК 343.2/.7
ББК 67.408
К83

сборник конференций

В выпускаемый сборник вошли материалы международного круглого стола «ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКИ» (29 января 2024 года, Астана, Казахстан). - Астана: Изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2024. - 208 с.

ISBN 978-601-337-965-4

В сборнике международного научно-практического круглого стола на тему «Теория и практика развития уголовной политики» освещены вопросы совершенствования уголовной политики РК в свете регулирования правовых норм по модернизации и оптимизации уголовного, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного законодательства и осуществления правоприменительной деятельности эффективными процессами обеспечения прав и свобод человека, гражданина и личности.

Сборник сформирован статьями магистрантов и студентов кафедры уголовно-правовых дисциплин юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, обучающимися по ОП 7М04204 – «Судебная власть и уголовная юстиция», 7М04209 – «Судебная экспертиза», 6В04204 – «Судебно-прокурорская и следственно-криминалистическая деятельность» и магистрантов Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре РК, Академии государственного управления при Президенте РК, а также статьями магистрантов Тюменского государственного университета (РФ, Тюмень).

Публикуемые материалы предоставлены авторской редакцией.

© ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2024

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
3 курс, «Құқықтану» мамандығының студенті
Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Ашимова Э.А.*

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЛАРЫ

Андатпа. Бұл мақалада бүгінгі таңдағы отбасындағы зорлық-зомбылықтың ең өзекті тұстарына ден қойылды. Себебі қоғамда орын алып жатқан түрлі жайттар барлығымызды да алаңдатып отырғандығы баршамызға аян. Отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарының көпшілігі – моральдық тұрғыдағы мінеуден қорқып, құқық қорғау органдарына шағымданудан бас тартып жатады. Жалпы мақалада әлеуметтік және экономикалық ахуалдың қазіргі кездегі жағдайында отбасы ішіндегі зорлық-зомбылыққа қарсы іс-әрекет проблемасының өте өзекті мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар, мақалада зорлық-зомбылық көрсетудің түрлері, оның себептеріне байланысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері мен мақалалары, тұжырымдамалары, көзқарастары және ой-пікірлері қарастырылды

Түйін сөздер: зорлық-зомбылық, агрессия, мәжбүрлеу, мінез-құлық, күш көрсету.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау - Қазақстанның отбасылық-демографиялық саясатының күн тәртібіндегі өзекті мәселе[1]. Себебі, зорлық-зомбылық өткір әлеуметтік проблема ретінде жәбірленушілердің өздеріне әсер етіп қана қоймай, жалпы қоғамдық тұрақтылық пен әлеуметтік тәртіпке қауіп төндіреді. Human Rights Watch ұйымының мәліметі бойынша, елде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер үшін жеткілікті қорғаныс пен әділеттілікке қол жетімділік жоқ. Ал COVID-19 пандемиясы әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өсуіне әкелді. 13 елде жүргізілген сауалнаманың нәтижелеріне сәйкес, әрбір екінші әйел өзі немесе жақын танысы отбасы мүшелерінің зорлық-зомбылығына тап болғанын хабарлады. Бұл жағдай Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Қазақстанда отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны азайып келеді, бірақ отбасылардағы зорлық-зомбылықтың нақты деңгейі Статистика шеңберінен тыс қалып отыр.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қауіптілігі жәбірленушіге физикалық ауырсыну, дене жарақаты, денсаулыққа зиян келтіру ғана емес, кей жағдайда өлімге алып келеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары психикалық күйзеліске ұшырайды[2]. Бірте-бірте олар үнемі зорлық-зомбылықтан қорқынышпен өмір сүреді, өзін-өзі қорғау қабілеті жоғалады, оның орнына әлсіздік, депрессия, үмітсіздік пайда болады. Тұрмыстық зорлық-

зомбылықтың құрбандары өмірге деген құштарлықтан арылады. Болашақта бұл қасиеттер зорлық-зомбылық құрбанын басқа адамдарға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерін жасауға итермелеуі мүмкін, бұл әсіресе кәмелетке толмағандарға бағытталған зорлық-зомбылықтан туындайды. Балалардың көз алдында пайда болатын отбасылық зорлық-зомбылық оларға моральдық зиян келтіреді, олардың психикалық дамуына кері әсер етеді. Олар еріксіз тиісті "сабақтарды" алады, отбасындағы зорлық-зомбылықты үйренеді, содан кейін өздері отбасылық "тиранға" айналады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кез-келген адамнан туындайтын зорлық-зомбылықтан ерекшеленеді, өйткені жәбірленушіге олар үшін тірек және қорғаныс болуы керек, олар туыстық немесе неке байланыстарымен байланысты, бірге тұратын, ортақ тұрғын үйі, мүлкі, күнкөрісі, материалдық және моральдік тұрғыдан тәуелді адамнан болғандықтан, ол ерекше психикалық әсер туғызады[4].

Осының әсерінен зорлық-зомбылық құрбандары оларға қарсы жасалған зорлық-зомбылық фактілеріне бірден жауап бере бермейді, көп жағдайда мүлдем хабарламайды, осылайша зорлаушының өз әрекеттері үшін жазасыздық сезімін дамытуға және оның тарапынан заңсыз әрекеттерді жалғастыруға ықпал етеді. Мұның бәрі кейбір жағдайларда тұрмыстық зорлық-зомбылық субъектісінің тек физикалық зорлау емес, қылмыс жасауына алып келеді, яғни, денсаулыққа орташа және ауыр зиян келтіру, адам өліміне, өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізуге әкеледі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың табиғаты бойынша физикалық зорлық-зомбылық, жыныстық зорлық-зомбылық, психологиялық зорлық-зомбылық, экономикалық зорлық-зомбылық болып бөлінеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық көбінесе қылмыстық заңда қарастырылған қылмыстар санатына жататын әрекетке айналады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы қылмыс түрі қарастырылмағанымен, ҚР ҚК-не сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылық санатына байланысты бірнеше баптармен реттелген, мысалы, кісі өлтіру, жәбірленушінің денсаулығына қасақана ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіру (ҚР ҚК-нің 99, 106, 107-баптары), өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК-нің 105-бабы), қинау жатқызылуы мүмкін (ҚР ҚК 110-бабы), қорқыту (ҚР ҚК 115-бабы), зорлау (ҚР ҚК 120-бабы), сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (ҚР ҚК 121-бабы), он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас және жыныстық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚР ҚК 122-бабы), жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК 123-бабы), жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124-бабы), адам саудасы (128-бабы ҚР ҚК), кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚР ҚК 134-бабы), қорлау (ҚР ҚК 131-бабы) және тағы басқалары[3,113б].

2022 жылдың қаңтар-шілде айлары аралығында елімізде отбасылық-тұрмыстық салада 520 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді. Бұл өткен

жылмен салыстырғанда 8,5% - ға аз. 2021 жылы осы сипаттағы қылмыстардың саны 5,5% - ға азайды, бірақ 2018-2020 жылдары айтарлықтай өсім байқалды. Тіркелген жағдайлардың 98% - ы жеке адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты. Фактілердің көпшілігі қасақана ауыр зиян келтіру (214 жағдай), орташа ауырлықтағы зиян (167 жағдай) және кісі өлтіру (70 жағдай).

Отбасылық-тұрмыстық саладағы ең көп қылмыстық құқық бұзушылықтар 2022 жылғы статистикаға сай Шығыс Қазақстан облысында тіркелді: 66 жағдай, бұл өткен жылмен салыстырғанда 33%-ға аз. Сондай-ақ, антилидерлердің үштігіне Алматы (60 жағдай, жылына -15,5%) және Павлодар (53 жағдай, жылына +4%) облыстары кірді. Атырау облысында осындай сипаттағы ең аз құқық бұзушылықтар тіркелді: бір жыл бұрынғы жалғыз жағдайға қарсы барлығы жеті. Негізгі мәселе-жағдайлардың көпшілігі қылмыстық құқық бұзушылыққа емес, әкімшілік құқық бұзушылыққа жатады. Оң статистикалық динамикаға қарамастан, Қазақстандағы Отбасылық зорлық-зомбылықтың нақты жағдайы өкінішті, деп атап өткім келеді. Мысалы, 2022 жылдың жеті айында Қызылорда облысында отбасылық-тұрмыстық салада 13 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді, ал бір жыл бұрын – небәрі тоғыз. Алайда, 2021 жылы "102" пультіне мыңнан астам қоңырау түсті. Ал аймақтағы үй тирандарының саны артып келеді: егер 2021 жылы 925 адам есепке алынса, 2022 жылда – 852 адам. Осылайша, тіркелген 13 қылмыстық құқық бұзушылық аймақтағы отбасылық зорлық-зомбылықтың нақты көрінісін көрсетпейді және дәл осындай жағдай бүкіл елде байқалады[4].

2021 жылы 157 884 қылмыс тіркелді, оның 61 464 — і тұрмыстық зорлық-зомбылық. Алайда, бұл тек тіркелген жағдайлар. Нақты көрсеткіш әлдеқайда жоғары. Құқық қорғау органдары академиясының мәліметтері бойынша, агрессор күйеуінен зардап шегетін әйелдердің 70-90% - ы ұзақ уақыт құқық қорғау органдарына жүтінбейді.

Ішкі істер министрінің айтуынша, 2022 жылдың 9 айында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 100 мыңнан астам жағдайы тіркелген, алайда олардың 60% - полиция жәбірленушілер өтініш беруден бас тартқандықтан тиісті шаралар қолдана алмаған.

15 пен 49 жас аралығындағы әйелдердің 60,2% - ы өмірінде кем дегенде бір рет күйеуі немесе серіктесі тарапынан физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. 2021 жылы тұрмыстық зорлық зомбылық фактілеріне қатысты 81 648 қорғау ұйғарымы және 11 202 ерекше талап шығарылды. Әйелдердің 12,8% - ы 15 жасынан бастап кем дегенде бір рет физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған, ал 3,2% - ы жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған.

Қорытындылай келе мақаланы жазу барысында жүргізген зерттеулер нәтижесінде, егемен ел аталғалы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі ең өзекті мәселе ретінде қалып келеді. Осы салада мемлекет күнделікті жұмыстар атқару үстінде, бірақ әлі де ол аздық етеді. Статистика көрсеткіштері оң жаққа өзгеріс көрсеткенімен, бұл құқық бұзушылық түрі латентты қылмыстар қатарына жатқызылады. Менің ойымша елімізде отбасылық зорлық-зомбылық

саласын криминализациялау қажет. Себебі, мақала басында айтылғандай, сенім артатын адамнан жасалған зорлық әрекеттер адам психикасына ерекше әсер етеді. Статистика көрсеткендей, зорлық-зомбылық қылмыстарының көпшілігі тұрмыстық проблемалар немесе кінәлі мен жәбірленуші арасындағы ұрыс-керіс негізінде жасалады. Мұндай жағдайда соттар қылмыс жасауға әкеп соққан сотталушылар мен жәбірленушілер арасындағы тұрмыстық және жеке қатынастарды зерттеуге әрдайым тереңірек үңіле бермейді, барлық назарын айыптаудың дәлелденуі мен әрекетті дұрыс құқықтық бағалау мәселелеріне аударады. Сонымен қатар, бұл жағдайларды нақтылау соттың тиісті шешімдер қабылдауына себеп болуы мүмкін.

Мысалы, егер сот отырысында сотталушының алкогольдік ішімдікке тәуелділігі, есірткі немесе басқа да маскүнемдік құралдарды қолданатыны және масаң күйінде отбасын ұрып-соғумен және әйеліне, балаларына, отбасының басқа мүшелеріне қатысты өзге де зорлық-зомбылықпен бірге жүретін жанжалдар жасайтыны анықталса, соған байланысты қылмыстық жауапкершілікке тартылса, онда сотта маскүнемдіктен немесе нашақорлықтан жасалған қылмыс үшін қылмыстық жазамен қатар медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану қажеттілігі туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі // <http://adilet.zan.kz>
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. 1-том Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық. Қ.Ж. Балтабаев, А.Ә. Биебаева. – Астана 2023ж.
4. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті // <http://pravstat.prokuror.gov.kz>.
5. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/T090000214>
6. Жоғары сот бюллетені – әділ сот төрелігінің жаршысы // sud.gov.kz.